

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ТЕМІРБЕК
ҚОЖАКЕЕВ**

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Алматы
«Қазақ университеті»
2016



Коржанин 7



*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
бекітілген*

Бас редактор: Ғ.М. Мұтанов
Орынбасарлары: Б.Ө. Жақып
З.А. Мансұров
Жауапты хатшы: Н.Е. Қопабаева

Редакциялық жұмыс тобы:
С. Медеубекұлы
М.Т. Қожакеев
М. Әлмұхаметова

Редакторлар: А. Ауанова,
З. Рахымбаева

Беттеген: Н. Қопабаева
Мұқабасын көркемдеген: Н. Нұрәділ

*Редакция мекенжайы:
Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 71,
«Қазақ университеті» баспа үйі
тел. 221-11-74*

**Республикалық «Өнегелі өмір»
сериялық кітап редакциясы
қоғамдық кеңесінің мүшелері**

Кенес төрағасы: О.О. Сүлейменов

Әбдіжәміл Нұрпейісов
Әбілфайыз Ыдырысов
Болат Көмеков
Кенжеғали Сағадиев
Көпжасар Нәрібаев
Қуаныш Сұлтанов
Мәулен Әшімбаев
Мұрат Әуезов
Мұрат Жұрынов
Мұхтар Құл-Мұхаммед
Мырзатай Жолдасбеков
Нұрлан Оразалин
Роллан Сейсенбаев
Сағымбай Қозыбаев
Сауытбек Абдрахманов
Сейіт Қаскабасов
Сергей Терещенко
Сұлтан Сартаев
Уахит Шәлекенов

90-шығарылым

ӘОЖ 821.512.122:070

Қ 56

*Баспаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Редакциялық-баспа кеңесімен ұсынылған*

Қожакеев Т.

Қ 56 Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. Ш. 90. – 344 б., сур.

ISBN 978-601-04-1850-9

Темірбек Қожакеев – өз өмірі арқылы қайтпас қайсарлық, мойымас мінез, мұқалмас жігер мен принципшілдіктің айқын үлгісін көрсеткен күрделі тұлға. Сондықтан сериялық кітабымыздың ұстаз-ғалым, сатирик, жазушы, журналиске арналған шығарылымы мұрағат құжаттары, сирек фотосуреттер, әріптестері, замандастары, шәкірттерінің естеліктері арқылы кейіпкердің түрлі адами қырын ашуға тырысуымен құнды.

Кітап көпшілік оқырманға арналады.

ӘОЖ 821.512.122:070

ISBN 978-601-04-1850-9

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

Сұлтанбек Қожанов сынды арыстардың шығармашылық жолына арналған зерттеулері оқырман қауым үшін үлкен олжа болды.

Ағалар ғұмырының өнегелі, ғибратты кезеңдерін жазу үшін Темкең талай архив парақтарын ақтарды, ерінбеді, жалықпады. Жасы алпыстың жуан ортасына келген кісі үшін көз майын тауыса шаң басқан құжаттарды ақтарыстыру оңай шаруа емес еді, әрине. Сөзінің нықтығын, қимылының ширақтығын осы жолы да дәлелдеді ол.

Мұндай пікірді оның қаламынан туған «Сатиралық жанрлар», «Сатира – күштілер қаруы» деп аталатын еңбектері туралы да айтуға болады. Темкеңнің қай тақырыпта мақала жазса да тыңғылықты дайындықпен кірісетіні, мәселені түбірімен зерттеп барып қолға қалам алатыны айқын байқалатыны сөзсіз.

Темкең бергін өзінің туған топырағы, өскен ортасы туралы толғана кітап жазды. Оның аты – «Керімсал кент» еді. Кітапты оқып отырып Тараз тарихының арғы-бергісіне жаңаша көзқараспен ой түйіндеген ғалымның өзіндік байламдарына риза боласыз.

Бір заңдылық бар: бәріне Уақыт төреші, бәріне Уақыт емші. Бүкіл ғұмыр көші тағдыр тайталасымен безбенделген Темкең туралы жазылар естеліктер легі әлі алда деп ойлаймын.

Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология және әлем тілдері факультетінің деканы,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ ТӘЛІМГЕР

Тәлімін көрген, тәрбиесін алған азамат жайлы естелік жазып, еске алу – жүгі ауыр жұмыстың бірі. Оның себебі көп-ақ. Ең негізгісі – адамды тауыса танып-білу мүмкін еместіктен, артық айтып, кем түсіп қаламын ба деген қауіп. Өзің құрметтеген адам жайлы сен жасаған байламдарға өзгенің келіспеуі де мүмкін. Кесіп-пішіп пікір айтатын «сен кім едің?» деген күдік те кейде көкейде тұрады. Бірақ, көргенің рас, білгенің шын болса неге айтпасқа?! Жақтырмағандар өз арына жүгінсін...

Ендеше «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген нұрлы нұсқауды алға ұстап, тәуекел етейік. Көкейдегіні шама келгенше жүректен тербеп, көңілден өлшеп, ақылмен таразылап жазуға тырысып көрейік.

Аз ба, көп пе біраз ғұмыр кешіппіз. Жақсының да жанында, жаманның да қасында жүріппіз. Өзіміз де баз біреуге жақсының, кейбіреуге жаманның санатындамыз. «Төрт құбыласы түгел келген қайран жақсы» болмақты бізге кім жазыпты. Иә, «Адамның басы – Алланың добы» дегенді растайтын мынау құбылмалы қу дүниеде жақсы болу әсте-әсте, жаман болмақ әп-сәтте.

Жә! Зарлана бермейік, жайымызға көшейік. Айта бергенмен бола ма? Қайтейік, небір дүлдүл, небір бұлбұл өткен дөңгеленген мына дүние кімге опа таптырған дейсіз. Әйтсе де, «Өмірдің өкінбестей бар айнасы, ол айла – қиянатсыз ой тазасы» деп Шәкәрім айтпақшы, өмір сүрудің мәнін бір кісідей түсіндім деп, мәнсізін мәнді етуге, сәнсізін сәнді етуге тырысып, құр мақтанға елікпей, адам деген атын шығарып, азаматтық тұлғасын танытып, болашақ үшін ерінбей еңбек етіп, келешекке кеніш дүние қалдырған, өмірі өнеге, сөзі өсиет адамдар да баршылық. Олардың мындап саналатынын көңілге медет, жанға қуат тұтып, құдайға шүкір дейсің. Әттеген, құйып алар құлақ, ұя салар жүрек аз.

Өзім танып-білген сондай аз жақсының ішіндегі орны ерекше тұлғаның бірі – Темағаң, Темірбек Қожакеев еді. Ол кісімен біз «тонның ішкі бауындай» жақындықта да, бас изесіп өте шығар көп таныстың бірі де болған жоқпыз. Біріміз жақсы аға, біріміз ізетті іні деңгейінде адал ниет, ақ көңілден сыйластық. Бұған жас айырмашылығымыз да, қызмет бабындағы дәреже-атақтың алшақтығы да, уақыт таңба салған «салқындық табы» да әсерін аз тигізбеген болуы керек. Бірақ бір-бірімізді жақсы білдік. Рухани үндестік таптық деп білем.

Біздер жиырма жылдай уақыт таныс-біліс болып, кейде жарасып, кейде ренжісіп (әрине, ренжитін ол кісі, бізге ренжу құқын кім беріпті?!), қатар жүріппіз. Оның он бес жылдай уақытын қасиетті кара шаңырақ ҚазМУ-дай оқу ордасында өткізіппіз. Уақыт жүйрікті кім тоқтата алар, соның бәрі кеше ғана еді. Өтті, кетті, қайтып оралмайды. Ендігі қалғаны – өткенді еске алып, жақсының жадыда қалған жақсы істерін айтып, көңіл жұбату ғана.

Мен Темекенді дәріс берген ұстазым деп айта алмаймын. Өйткені журналистика факультетінде оқығам жоқ, филология

факультетіне түсіп, Мәскеу ауысып, Темекеннің «тоқпағын» көре алмай қалдық. Оның ұстаз ретіндегі дәрісін тыңдап, декан ретіндегі катал тәртібін көргендер және оны жыр қылып жазатындар толып жатыр. Өзім Темағанды өнегесін үлгі тұтқан тәлімгеріме балаймын. Тәлімін алып, тәрбиесін көргеніміз рас.

Темірбек Қожакеевтің есімін біздер бала кезден естіп өстік. Ауданымыз шегаралас, еліміз аралас болған соң, ондай даңқты адам туралы естімеу мүмкін емес еді. Елдегі үлкендердің ана ауданнан анау, мына ауданнан мынау шыққан деген әңгімелері тұсында Темекеннің атын да құлағымыз шалып қалатын. Жақсының аты кімге жат. Көкірек түкпіріндегі бала қиялды қанаттандыруға бұл есімнің де әсері аз болмағаны шындық. Кітапқұмар, шығарма жазғыш (мектептегі), тілші бала атанып, оған әжептәуір ісіп-кеуіп жүрген шағымызда, журналистерді баптайтын сондай адам бар дегенде, қалай елендей қоймайсың. Бірақ бізге құдай ҚазМУ-дың журналистика факультетіне түсуді жазбады. XX ғасырдың 70-жылдары армандаған ҚазМУ-дың филология факультетінен бірақ шықтық. Бір-біріне жақын факультеттер болған соң, оған қуанбасақ, ренжи қойған жоқпыз.

ҚазМУ-да оқыған үш жылда өзін жақын білмесек те, Темірбек Қожакеевтің атына әбден қанықтық. Дайындық курсына бірге оқып, журфакқа түскен курстастарымыз Жайлаубек Қазиев, Әшірбай Еркебаев, Дүрәлі Дүйсебаев, Жұмабек Кенжалин, Мейрамбек Төлепбергенов, Болатбек Орманов т.б. Темекен жайлы талай-талай қызықты әңгіме айтатын. Оның оқыған лекциясын, мінезінің каталдығын, адамгершілік қасиеттерін арасын «тұздықтай» отырып айтқанда, айызыңды қандыратын.

Бірде атына қанық, сырттан танитын адамның, сөзін тыңдау бақытына ие болдық.

Ұстазым Сұлтанғали Садырбаев басқаратын университеттегі М. Әуезов атындағы әдеби бірлестіктің мүшесімін деп, дардай болып жүрген кезім. Бір күні Сұлтекең: «Бірлестік өткізетін бір кешті бүгінгі қазақ сатирасының жай-күйіне арнаймыз, бас баяндамашы профессор Темірбек Қожакеев болады», – деді. Кешті ұйымдастыруға кірісіп кеп кеттік. Өне-міне дегенше, кеш болар күн де келіп жетті. Киров (қазіргі Бөгенбай) пен Масанчи көшелерінің қиылысындағы математика факультетінің үлкен залы жұртқа лық толды. Көбі жастар. Осы жерде айта кеткеннің айыбы жоқ шығар,

ол бір студент қауымы кездесу, кеш десе ішкен асын жерге қоятын, ақынын ардақтаған, әншісін көкке көтерген, ғалымын пір тұтқан тамаша кезең еді ғой. Көбіне соның ұйытқысы М. Әуезов атындағы әдеби бірлестік болатын.

Кеш басталды... Сұлтанғали ағайымыз төрден орын алған ақсақал, қарасақалдарды таныстырып болған соң, сөзді бас баяндамашыға берді. Мінбеге мығым денелі, маңдайы жарқыраған кісі шығып, қағазын жайып, көзілдірігін іліп сөйлей жөнелді. Дауысында сәл білінер-білінбес қырыл бар. Бірақ сөздері анық шығады. Шешен әр сөзіне мән бере нақ-нақ айтатын, төгілтіп сөйлейтін кісі екен. Кейбіреулерге ұқсап кібіртіктеп бастамай, бірден ағылта жөнелді. Алдындағы қағазына мысал, дәлел-дерек қажет кезінде ғана болмаса, көп үңіле бермейді. Өзін еркін ұстайтын, еркін сөйлейтін, өз пікіріне өзгенің қалай қарайтындығына көп көңіл бөле бермейтіндей жан боп көрінді маған.

Көп «мыжыңның» бірін емес, өткір сөзден өрілген, отты баяндама тындап, жұртшылық бір көтеріліп қалды. Өзіміз әзіл-сықағын жаттап өскен талай сатирик ағаларымыз қатысып отырған, біразы Темекеннің сынына ілінді. Бірақ мен олардың жүзінен ренішті байқай алмадым. Қайта «бүйтпесе Темекен бола ма!?» дегендей, айналасындағы таныстарына көз қысып, қалай-қалай сөйлейді дегендей төрді меңзеп иек қағысып отырды. Соған қарағанда, сын шын болғанға ұқсайды. Бұл кезде лекция оқу, баяндама жасау дегеннің шама-шарқын, баға-парқын ажыратып қалған кезіміз. Алғашқы жүздесуден қатты әсер алдым. Ертесінде алған әсерімді Сұлтан ағама айтып едім, әлде, мені баласынды ма, әйтпесе, көп сөзге ерінді ме, әйтеуір «өй, ол ағаң мықты ғой!» деген бірауыз сөзбен баға берді.

Бұдан соң Темірбек Қожакеевпен 4-5 жылдай жүз көрісе алмай қалдық. Өйткені мен сол жылы ҚазМУ-дағы филфактан МГУ-дегі журфакқа ауысып кеткен едім. Мәскеуден соң Жезқазған бардым. Одан Алматыға оралғанша 4-5 жыл өтіп кеткен. Темекенмен танысуды аңсап жүрген уақытта, бір күні өзімнің сүйікті ұстазым Рахманқұл Бердібаев алып барып таныстырды. Рахаңмен ғана шүйіркілесіп, маған онша көңіл бөле қойған жоқ. Кісіге жылы шырай білдіріп, елпілдей қоймайтын адам ба деп қалдым. Адамға сынап қарайтын, суықтау жан болып көрінді. Алғашқы таныстық көңілді су сепкендей басты. Менің де бір басыма жетерлік құдай ұрған «қырсық мінезім» бар еді, қайтып алдына бармадым. Бұл 1983 жылдың көктемі болатын.

Сол жылы күзде белгілі журналист жазушы Әбіқұл Ибрагимов мені Темекенде екінші рет ертіп барды. Несін жасырайын, бұл жолы журналистика факультетінде ассистенттік орынға конкурс бар деп, соның жайын білмекке келген едік. Мені білетінін, Рахманқұл ағаны қатты сыйлайтынын айтып, Темағаң бұл жолы жылы қабылдады, конкурс жайын кафедра меңгерушісі Марат Барманқұловпен сөйлесуге жөн сілтеді. Адам болған соң ілтипатты кім жек көрсін, ішім жылып қалды.

Сол жылы күзде мен ҚазМУ-дың журналистика факультетіне оқытушы болып жұмысқа кірістім. Міне осы тұстан бастап мен Темірбек Қожакеевке өте жақын адам болмасам да, ол кісі – бастық, біз – қызметкер дегендей аралас-құралас бола бастадық. Темекенді қарапайым адам ретінде, басшы ретінде, ұстаз-ғалым ретінде осынау бірге істеген жылдары жете танып, мінез-құлқын, қадір-қасиетін бір кісідей біле алдым десем, артық айтқандық емес.

Ол кездегі журфак филфактан жеке отау алып шығып, өз алдына ел болған кезеңнен еңбек етіп келе жатқан біраз ардагерлер қызмет атқаратын, үлкені киелі, кішісі ізетті, көшбасшысы көшелі берекелі қауым, бірлікті ұжым болатын.

Таныс емес ортаға түскен адамның алғашқыда абдырап қалатыны шындық. Сол бір күндерде алдынан дәріс алмасам да, жақын тартып, ақыл-кеңестерін аямаған аруағыңнан айналайын аяулы ағаларым Тауман Салықбайұлы Амандосов, Қабиджан Пангерейұлы Құсайынов, Марат Кәрібайұлы Барманқұловтарды үнемі құрметпен еске алып, ризалығымды білдіріп отырамын. Қазір денсаулығына байланысты зейнетке шыққан Әбілфайыз Ыдырысов ағаммен жыр қылып айтар талай оқиғаны бастан өткеріп едік. Ол да бір берекелі, мерекелі жылдар екен.

Жоғарыда аты аталған ағаларымның ішінен Тауман Салықбайұлын бұрыннан білетінмін. Ол кісімен Мәскеуде кездесіп қалып, бір-екі ауыз сұхбаттасқаным бар. Таныса, білісе келе жақсы араласып кеттім. Көп көмегі тиді. Бір байқайтыным, жоғарыда аты аталған кісілердің Тауман ағадан басқасының Темірбек Қожакеев туралы пікірлері өте жоғары болатын. Тәукең мен Темекен арасына баяғыда бір «қара мысық» жүгіріп өтсе керек, бір-бірін аса жақтыра қоймайтын.

Сөйтіп өзім армандаған оқытушылық жұмысқа да кірісіп кеттік. Қасиетті қара шаңырақ ҚазМУ-ға қайтып оралғанмен, басқа ортаға

түсіп қалып, филфактағы З. Қабдолов, Т. Кәкішев, С. Садырбаев, С. Ордалиев сияқты ұстаздарымның жылы алақанын аңсап жүрген уақытта, бір күні бастық – декан Темірбек Қожакеев өзіне шақырды. Сәлемдескен соң, жағдайымды сұрап, педагогикалық жүктеменің жайын, кафедра қандай сабақтарды беруді шешкенін, қай топқа куратор болғанымды біліп алды да, біраз кенестер берді. Осындағы өзі тәжірибесі мол, білікті маман санайтын ұстаздарды атап, солардың сабағына қатысып, үлгі алуымның қажеттігін айтып, сонан соң факультеттегі жұмыстың жағдайын, қалыптасқан тәртіп жүйесінің жөн-жобасын түсіндірді. Кетерімде «Мәскеуде оқыдым деп кейкіме, сендейлердің талайын көргенбіз», – деп әзіл-шыны аралас сес те көрсетіп қойды.

«Алды қатты» деп есептейтін адамның жайма-шуақ күйі, жайдары қабылдауы көңілге медеу берді. Басқа ортаға түсіп, өгейсіп жүрген басым, көңілім өсіп, еңсем көтеріліп қалды. Темекен өзінің керемет сезімталдығымен менің жағдайымды байқап жүрген болса керек, әйтпесе, факультетке жұмысқа алынған әрбір адаммен сөйлесіп жатуға ол кісінің уақыты бар деймісіз. Әрі-беріден соң, ол кафедраның ішкі шаруасы. Міне, осылайша біз де Темекеннің «темір тоқпағына» тап болған едік. Одан жаман болған жоқпыз. Тәлім алдық, тәрбие көрдік. Көп нәрсеге көз үйреттік.

Мен Темірбек Қожакеевпен үш жыл бірге қызметтес болдым. Одан кейін аласапыран уақыт келіп, азаматтың арына сын заман туды. Бірақ осы үш жылда Темекеннің ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым, іскер де әділ басшы, азаматтық тұлға екеніне көзім толық жетті.

Алдымен ұстаздығы жайлы көргендерім мен көкейге түйгендерімді, өзіндік байқауларымды ортаға салайын. Жоғарыда бұл кісіден шәкірт болып дәріс тындамағанымды ескерткен едім. Ал, әріптес болып қызмет істей бастаған тұста әдістемесінен үлгі алмақ үшін бірнеше сабағына қатысуға тура келді. Бұл кезде менің әрбір оқытушыны «Америка ашқандай» қабылдайтын ашық ауыз балаң шәкірт емес екенім белгілі. Әрі Мәскеудей ортадан білім алып, «Шетел журналистикасын» Я. Засурскийден, «Журналистика тарихын» Б. Есиннен, «Әдебиетті» А. Бочаровтан т.б. айды аузына қаратқан білгірлер мен шешендерден тындаған мен бұл жердегі сабақтарға сын көзбен қарап, көңілім толмай жүрген. Темекене дейін өз кафедралдағы оқытушылардың сабақтарына қатысқанмын. Тек профессор М. Барманқұловтан басқасының дәрістері көңілімнен шыққан жоқ.

Темекең бөлекше екен... Алдында әріптесім Айтқазы Байдәулетовтің: «Бізде лекцияны ең мықты оқитын Темекең, сенің Мәскеуінді жолда қалдырады» дегенін жай мақтау ғой, Темекенің құлағына жетсін деп айтып жүрген шығар деген күпірлік күдікпен қабылдағанмын. Жоқ, олай емес екен...

Менің ұғымымда жақсы ұстаз – ең алдымен, жақсы «лектор» деген бағамен астасып тұрады. Ол бәрінен бұрын өз пәнінің керемет білгірі болуға тиіс. Осы тұрғыдан келгенде Темекеннің дәрісі несімен ерекшеленеді? Дәріс оқудағы шеберлік сыры неде? Темекен жайлы естеліктерде шәкірттік көңілдің лебімен «тамаша», «керемет» деп тамсанулар бар да, тану жоқ. Мақтау бар да, мәнін ашу жоқ. Біз шамамыз жеткенше, осының сырына бойлап, мәйегін тапсақ деген мақсат ұстанып отырмыз.

Дәрісхана – білімнің қасиетті құтханасы. Онда әрбір ұстаздан өзінің балаң ойын жетілдірер, жанына рухани азық берер деп үміт күткен келешек отыр. Сондықтан оған қалай болса солай, ойыңа не келсе, соны айту үшін емес, үкілеген үмітті ақтау үшін кірген жөн. Аудиторияға кіргеніңнен шыққаныңа дейінгі әр кимылыңнан, әр ісіңнен өнеге, үлгі шашылып, әр сөзіңнен шәкірт санасына шапағатты нұр құйылуы керек. Әйтпесе, дәрісханаға жолаудың қажеті шамалы. Темекен – осыны терең түсінген, жете ұғынған жан.

Меніңше, ұстаз деген ұлы ұғымға сай болуы үшін, осы жолды мұрат тұтушының бойында бірін-бірі толықтырар үш қасиет тоғысуы шарт. Біріншісі – білім, екіншісі – білік, үшіншісі – кісілік. Міне, осы үшеуі бар жерде ұстаз бар, жоқ жерде жоқ. Темекен бойында осы үш қасиет біте қайнасып, бөлінбес бүтіндік құрайтын. Бірге жүріп, қатар еңбек еткен жылдарда біз бұған әбден көз жеткізгенбіз.

«Ұстаз деген өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деген қанатты сөз – Темірбек ұстаздың жанымен рухани үндестік тапқан ұғым. Ол кісі шәкірттерге сабақ оқыған сәттерде өзгеше бір рақат күй кешетін. Жүзі нұрланып, көзі оттай жайнап, жаны жадырап, шабытты шаққа еніп, дүниені ұмытып кететін. Берілген 90 минутта (дәрісті бөлмей, үзіліссіз оқитын) ол кісі өзгеше әлемде жүруші еді. Ондай бақытты сәт кез келгенге бұйыра бермейді.

Темекең өзіне деген шәкірт сенімін өте жоғары қоятын. Сабақ сағатына төтеден келген жайт болмаса, ешбір жұмыс, ешбір жиналыс, ешбір бастықтың шақыруы бөгет бола алмайтын. Ұстаз үшін шәкіртсіз ғұмырдың сәні де, мәні де жоқ-тын. Өйткені, Темекен

– ұстаздыққа жүрек қалауымен келген, соны өмірдің мағынасы деп білген адам. Әйтпесе, Темекен журналист болып, белгілі бір бағылымды, баспа орнын басқарып кете алмайды дегенге кім сенер. Ондай мүмкіндіктер де болған. Бірақ табиғатынан ұстаз болып жаралған адамның жан қалауы – ұстаздық болды. Соны таңдады. Соған ғұмырын арнады.

Ұстаз дәріс сағатын асыға күтетін. Балапандарына асыққан ата қыранша қашанда шәкірттеріне дәл уақытында асыға жетіп, олар отырған дәрісхана есігін айқара ашып, аңқылдай еніп, әзілдей кіретін. Ұстазбен бірге дәрісхананы жылылық жайлап, мейірім төгілетін. Дәптерін дайындап, қаламұшын қолға алған шәкірт кең маңдайы жарқыраған ұстазының нұрлы жүзіне үміттеніп көз тігетін. Ұстаз да шәкірттердің жәудірей қараған көздерінен өзіне ғана белгілі сыр ұғып, ағыла жөнелетін. Шешіле сөйлеп, тебірене ой толғаған ұстаздың әр сөзін қағып алып, көңіл түкпіріне қондырмақ болған студенттің бұл сәтте басқа мәселеге көңіл бөлуі мүмкін емес-ті...

Ұстаз ағыл-тегіл төгіліп тұр. Таптаурын болған, кітаптан кітапқа көшіп жүрген жауыр тіркес, жадағай тұжырымдар емес, иі қанған, июі келген қисындар, өзгелердің ойына келмес өзіндік түйіндер. Сұрыптаудан өткен, талғап алған, таңдап әкелген талғамға өзек, ойға дөп мысалдар. Міне, студенттің санасын байытып, көкейіне қонып, жүрегіне ұялап, жанына дәру болып құйылып жатқан білім нәрі дәрістегі осындай қасиеттерден қанып шығар еді.

Темекеннің әрбір сабағы қызықты өтетін. Ал, бұл – білікті ұстаз белгісі. Тереңнен тепсініп шығар бұрқылдаған қайнардай қуатты ой туғызып, оны тыңдарманға төкпей-шашпай жеткізу оңай шаруа емес. Қызыл тілден сөз сауғанның бәрі лектор емес. Сөз бар да, оны тыңдарманға жеткізу бар. Әрбір қажетті пікір, назар аударар ой дәл жетіп, санаға ұялау үшін оған оңтайлы қимыл-қозғалыс, мың сан ишара-ым қажет-ақ. Шынын айтсақ, ұстаз-лектор – өзінше бір театр. Мұны мойындаған жөн. Темекеннің сонау кездегі лекция оқу сәтіндегі қимыл-қозғалысы әлі көз алдымда.

Дәріс сағатында ұстаздың сол қолында қажет кезінде көз жүгіртіп отырар қағазы, оң қолында керегінде құлағына іліп, керек емесінде қолында айналдырып жүретін көзәйнегі болушы еді. Сол көзәйнек маған бейнебір дирижердің сиқырлы таяқшасы іспетті көрінетін. Бір құлағынан айналдыра жүріп, кенет ұстаз көзәйнекті алға тік ұстап, тоқтай қалғанда, дәрісхана сілтідей тынатын. Мәнді де мағыналы,

керекті де қажетті сөз дәл осы сәтте айтылатын. Көзәйнектің бір құлағының ұшын ұстаз ерніне жақындатып, тістегендей болған сәтте іштен толқыған күрделі ой лықсып шығып, пәрменді пікір ортаға тасталар еді. Темекен дәрісті бір орнында тұрмай, теңселе жүріп, тебірене оқитын. Сергек қимылы шәкірт зейінін серпілтіп, зердесін ояу ұстайтын. Оның әрбір сөзі кеудеңе қонақтап, терең ойдың иіріміне тартып, ұйытып-ақ тастайтын.

Дәріс қызған бір тұста Темекен кейде тоқтай қалып, басын сол жағына қарай сәл қисайтып алып, өтіп жатқан тақырыпқа қатысты өте бір қызықты әңгіме немесе тапқыр әзіл-қалжың айтып, аудиторияны дүр еткізетін. Өзі мұны «ұйқыашар» деуші еді. Қанша дегенмен екі сағат езіліп отыру оңай емес. Әсіресе, жаныңды маужыратар жаз айларында өте қиын. Оның үстіне студент деген қауымның ойын-сауығы таусылған ба?! Әлгі «ұйқыашар» осындайда әбден-ақ қажет.

Темекен өзіне тән табиғи сезімталдықпен әр студент мінез-құлқындағы «ерекше қасиетті» дәл танып, дөп басатын. Сабақ арасында әлгі «қасиетті» әзілге айналдырып, кейде мысал ретінде ұсынып, жұртты қыран-топан күлкіге батыратын. Шәкірттерді қиюын тапқан қисынды әзілмен бір дүрліктіріп алып, тақырыптың жаңа бір қиырына тартып кететін. Тағы да сан рет екшеліп, електен өткен толымды ой өз тереңіне тарта жөнелетін. Міне, Темекеннің дәріс оқуы осындай шеберліктер жиынтығынан тұратын. Темағаң сабақ өткізудің өзіндік мектебін қалыптастырған ұстаз еді. Студенттер мүмкіндігінше ұстаз сабағын жібермеуге тырысатын. Қорыққандықтан емес, қызыққандықтан!

Әрине, ұстаздық тек дәрісханадағы сабақпен шектеліп қалмайды. Ұстаз – шәкірт бақытының бағдаршамы. Шәкірт кеудесіндегі үміт отын жаға білген оқытушы ғана нағыз ұстаз. Темекен шәкірт бойындағы жылт еткен көмескі ұшқынды көре білетін ұстаз еді. Ол шәкіртті аялай да, жазалай да, бағалай да білетін. Ұқыптыны ұнатып, зеректіні әлпештейтін. Қыңыр мінездіге қырсығып қалып, кер жалқауды жаны жаратпайтын. Несін жасрайық, көп ұстаздың лекциясын оқып, сабағын беріп, одан өзге іске мойын бұрмайтыны рас. Темекен ондайлар санатынан емес. Шәкірт баулу ісінің қандайынан болмасын тыс қалмайтын. Бәріне қатты көңіл бөлетін. Талабы да қатаң еді. Көбіміз аса мән бермейтін сырттай бөлімнің бақылау жұмысын тексергенде, әрбір студентпен жеке-жеке жұмыс істеп, кемшілігін көрсетіп, жетістігін бағалап отыратын. Курс

жұмыстарының ғылыми сипатына аса ыждағаттылықпен қарайтын. Студенттік жұмыстың тіліне, стиліне, сөз саптауына жете мән беретін.

Өзінен журналистік шеберлік шыңдайтын студенттердің жұмыстарын түгел оқып, талдаудан жалықпайтын. Өзіне деген ұстаз пейілі мен ықыласын сезінген студент өз ісіне аса жауапкершілікпен қарайтын. Ондайда ұстаз ризашылығына бөленгендердің мерейі өсіп, ескерту алғандар намысын қамшылап, жігерін жани түсетін.

Темекеңнің бір әдеті, журналистік шеберлікті өзінен өтетін студенттерден ғана емес, декандығын «пайдаланып», бүкіл факультет студенттерінің жұмыстарын қадағалайтын еді. Ол кісінің рұқсатынсыз бір оқытушы «журмастерство» қоя алмайтын. Өз басым кезінде мұны басы артық қазымырлық көретінмін. Уақыт өткен соң ой тезіне салсам, олай емес екен. Ұстаздың факультетте кімнің кім екенін, кімнің қолынан не келетінін білуге құштарлығы екен бұл. Талантты танып, дарынның жайын біліп, оқу мен өндірістің арасындағы алшақтықты жою мақсатынан туыпты ол шешім. Таңғаларлығы барлық «журмастерство» материалын оқып шығуға қалай уақыт табады десеңізші! Темекең ұстаздық міндетіне адал азамат еді. Мұның бәрі, бір қарағанда жай ғана нәрсе болып көрінуі мүмкін. Бірақ факультет басшысы ретінде күнделікті сан-салалы шаруаның басын қайырып жүрген уақыты өлшеулі деканның қатардағы оқытушы атқарар іске үлкен мән беріп, бұлжытпай орындауын қалай түсінуге болады. Ассистентіне арта салуына мүмкіндігі бола тұра, өзіне тиесілі істен қашпауы – біле білсек, Темірбек Қожакеевтей шәкірт жанын аялай білген ұстаздың қарапайымдылықпен астасқан даналығы.

Темекең бастық кезінде еш уақытта бірденені сылтау қылып, не мемлекеттік емтиханға, не диплом қорғауға қатыспай қалған емес. Қашанда уақыт тауып, аяғына дейін отыруға тырысып бағатын. Мұнда ұстаздың шәкірттеріне деген жанашырлығы, бағалауда әділеттілік орын алуына себепкер болу мақсаты жатыр. Ол әрбір жақсы шәкіртін қызғыштай қорып, жаңылысқан жауабына кешіріммен қарауға шақырып отыратын. Ал нашар оқыған студенттің тамыр-таныстық, жең ұшынан жалғасқан қулық арқылы өтіп кетуіне жол бермейтін. Әділ бағасын қойғызатын. Дүние күйіп кетсе де, өз пікірінен қайтпайтын. Ол әділеттілік сақшысы еді. Ақты ақ, қараны қара деп, қасқайып қарап отыратын.

Диплом қорғау кезінде де солай болатын. Өз дипломшыларының да адал бағасын беріп отыратын. Кейбір жандайшаптар, ортақолды жұмысты әйтеуір Темекендікі ғой деп жағына сөйлеп, мақтай жөнелгенде, «ой-хой!», – деп, дауысын бір көтеріп алып, «Әй, қой, мұның жеткен жері сол үшіннің айналасы» деп, әділін айтар еді. «Менікінің бәрі «бес» болсын» деген өзіне тартып тұратын өзімшілдік ол кісіде жоқ еді. Өзі қорғатар болымсыз жұмысты мақтаса, мардымсып отыратын «болмаған Белинский, толмаған Толстой» бастықтар арамызда толып жүргені өтірік пе?..

Темекеннің бағаға әділдігі туралы студенттер арасында небір аңыз-әңгімелер жүретін. «Қожакеевтен өтсең, журфакты бітірдім деп есептей бер» деген сөз де, сол бағаға әділдіктен қалған-ды. Студенттер арасындағы Темекеннің бағаға әділдігі туралы бір әзіл әңгімеге тоқтала кетейік. Бірде сырттай оқитын бір студент сабаққа қатыса алмай (өзі журналист екен, бастықтары сессияға қарамай, «срочно» іссапарға жіберсе керек), емтиханға бір-ақ келіпті. Темекенді ол бұрын көрмеген екен. Түрін танып қалайын деп, есікті ашып қараса, Қожакеев зачетқаға баға қойып жатса керек. Темекен әріптерін солға қарай жантайтып жазатын. Сондықтан да басын сол иығына салып алып, үстелге кеудесін жатқыза жазушы еді. Есікті апалақтап ашқан студенттің көзіне Темекеннің стол үстіндегі үлкен басы ғана көзіне түссе керек, есікті жартылай жаба салып, «Қожакеев, Қожакеев дегенге сонша қорықсам, үстел үстінде жатқан дәу бастан басқа түк жоқ қой» депті, курстастарын ду күлдіріп. Өлгінің айтқанын құлағы шалып қалған Темекен сыртқа атып шығып, кім айтқанын сұрапты. Үрейі ұшқан студенттер не дерін білмей тұрғанда, жағдайдың насырға шауып бара жатқанын сезген кінәлі студент басқаларға кесірім тиіп кете ме деп, лаж жоқ, «мен едім» деп мойындапты. Темекен әлгі жігітті дәрісханаға ертіп кіріп, билет алдырып, жақсы жауап берген соң бестік бағасын қойып, «сенің әлгі айтқаның нағыз сатира» деп арқасынан қағыпты. Өзіл айтам деп пұшайман болып, зәресі ұшқан студент жағдайының беті бері қарағанын көріп қатты қуанып, ұстаз әділдігіне риза болса керек. Басынан сөз асырмайтын қатал бастықтың студентінің тауып айтқан әзіліне риза болуы, әзіл-қалжыңды «азық еткен» ғалымның өз пәніне деген құрметінен туған деу керек.

Бұл мүмкін ойдан шығарылған аңыз шығар. Бірақ ақын Ұлықбек Есдәулетовке студент кезінде «Қолыңды жуғанша, полыңды

жумайсың ба?...» деп тапқырлықпен ескерту жасаған, Мәди Қайыңбаевқа «Әй, Қайыңбаев, Қожакеев балконда емес, желкеңде тұр» деп үрейін алған, айтқыш Темекеннің әлгіндей әзілге риза болуының өзегінде шындық жатыр. Бұл Темағанның шәкірттерінің болмашы ісіне сүйсінетін, соны бағалай білетін дарқан көңіл ұстаз екендігінің бір мысалы болса керек.

Иә, Темекен өз саласының білгірі, өз ісінің маманы еді. Ұстаз кашанда әділет туын жоғары ұстауға тырысатын. Сондықтан да адамдықтың ақ туы алдында ол кісінің ары таза. Темірбек Қожакеев шәкірт жанының тамыршысындай, шын мәніндегі ұлық ұстаз деген ұғымға сай тұлға еді...

Темекеннің ғұлама ғалымдығының куәсі – оның том-том зерттеу еңбектері мен оқу құралдары, оқулықтары. Шын ғалымның шынайы ізденімпаз екендігі әдебиет пен журналистикадағы тың тақырыпқа түрен салып, өзі тапқан сүрлеуін даңғылға айналдыруында. Ғылымдағы Темекен «бақшасының жемісі» талай ұрпаққа нәр болары анық. Ол – терең ізденіспен келген маңдай тер мен адал еңбектің жемісі. Сондықтан оның ғұмыры ұзақ.

Темірбек Қожакеевті ғалым ретінде ғылыми жұртшылыққа алғаш танытқан іргелі зерттеу еңбегі – «Қазақ совет фельетоны» атты кітабы. Мұнда зерттеуші жанр табиғатын ашуда өзіндік батыл тұжырымдар жасап, қазақ журналистикасындағы осы жанрдың сыр-сипатын, алар орнын айқындап, теориялық анықтамасын жасады. Темекеннің бұдан кейінгі еңбектері оның өте еңбекшіл, аса ізденімпаз, ғылымға адал ғалымдығының нақты дәлеліндей. Ғалым қаламынан туған «Қазақ сатирасы», «Сатира және дәуір», «Адам. Қоғам. Сатира», «Сатиралық жанрлар», «Сатира – күштілер қаруы», «Сатира негіздері» т.б. салиқалы еңбектері қазақ әдебиеті мен журналистикасында бұрын ешкім кеңінен сөз қыла қоймаған тақырыптарды алғашқы болып игеріп, рухани мұрамызда өзіндік орны бар сатираны әдебиеттану ғылымының игілігіне жаратып, ғылыми айналымға енгізуімен құнды.

Темекен ізденісінің ерекшелігі – тақырыпты тек бетінен қалқымай, тұңғыықтан тартып, қопара жазатындықтан зерттеудегі қисындық, қағидалық тұғырнамасының тамыры тереңде болып келуі. Сондықтан да ғұлама ғалым еңбектері сатирадай сан сырлы құбылыстың құпиясы қырын ашып, жанрларының жігін ажыратып, оның рухани өміріміздегі орнын айқындап беруімен қымбат.

Талғамы биік, танымы терең Темекендей зерттеушінің бұл еңбектері болашақта әдебиеттанудың сатираға қарасты қырын қарастырамын дейтін талай жас талаптың ғылым жолындағы адастырмас темір-қазығына айналары хақ. Оның салиқалы ғалымдардың сапалы ізденістерінде де пайдаға асарына күмән жоқ. Бұған Ахмет Байтұрсынов мұрасы жайлы еңбек жазғанымызда көзіміз әбден жеткен. «Ғалымның хаты өлмейді» деген қанатты сөздің мәні осында жатса керек-ті.

Темірбек Қожакеевтегі азаматтың асылдығының бір белгісі – жас жетті, қайрат қайтты деп отырып алмай, пайғамбар жасынан асқан соң шабытты үдете түсіп, әдебиет тарихы мен журналистика тарихын «ақтаңдақтардан» аршып, ұлттық санадағы дертке дауа іздегені дер едік. Оның соңғы жазған «Жыл құстары», «Көк сенгірлер», «Сара сөздің сардарлары» т.б. еңбектерінің маңызы ұлтымыздың ар-ожданына айналған арыстарымызды жұртымен қайта қауыштырып, олардың шығармашылығындағы ұлтжандылық рухын ашуында. Ғалым алаш қайраткерлерінің көрінгеннің көзіне түсе бермейтін публицистикалық мақалаларын архив қойнауларынан, қолжазбалар қорынан тірнектеп жиып, шаншыла оқып, көз майын тауыса жүріп жарыққа шығарды. Бар ғұмырын ұлтының кешегісі мен бүгінгісін, бары мен жоғын түгендеуге арнаған аяулы аға ұрпақ алдындағы борышын өтегендей. Елім, жұртым деп жүріп, жазықсыз жапа шеккен А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Н. Төрөқұлов, Б. Сүлеев, Ә. Бірімжанов, Т. Рысқұлов, С. Қожанов т.б. алаш ардақтыларының аруағы Темірбек Қожакеевке риза. Темекен ұлылардың «ұрпаққа хатын» сараптап-талғап, байыптап-бағалап, түсініп-талдап, бүтіндеп-түгендеп, төкпей-шашпай болашаққа аманаттады. Ғалымға бұдан артық бақыт бар ма, бақ бар ма?! Бұл тұрғыдан келгенде, Темекен ғасырлық ғылымдағы қос буынның арасын жалғап тұрған алтын көпір іспетті. Ғылымға деген адалдығына қылау түсірмей өткен ғұлама, өзі пір тұтқан ағаларымен пейіш төрінде табысып жатқан-ақ шығар. Ләйім солай болғай!

Өзім куә болған жылдарда Темірбек Қожакеевтің ұжымын сүттіей ұйытқан басшы екенін көзіміз көрді. Мен журналистика факультетіне келген тұста, ұжым бұрынырақта болған айтыс-тар-тыстар, күңкіл сөз, күпсіген өсектен арылып, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» дегендей, бір кісідей жұмыла жүк көтеріп, абыройы артып тұр екен. Декан Темірбек Қожакеев басшы, өзгелер

қосшы болып, бәрі бірлесе еңбек етіп, тиянақтылықпен іс атқаратын. Кафедра меңгерушілері де өңкей беделді, журналистикада өзіндік орны бар азаматтар болатын. Ең бастысы, олар жұрт білетін, зиялы қауым ортасында белгілі жандар еді. Тауман Амандосов, Медел Арғынбаев, Марат Барманқұлов, Файзолла Оразаевтар өз салалары бойынша ел мойындаған ғалым-журналистер болатын. Осынау берекелі ұжымдағы бар жаңаның бастаушысы, жақсы істің ұйытқысы Темекен еді.

Қым-қуыт шақ, қауырт жұмыс, қызық кезең. «Күлтөбенің басында күнде жиын» демекші, әйтеуір кем дегенде екі аптада бір жиналыс. Біресе факультет кеңесі, біресе партбюро жиналысы, түк табылмағанда профбюро мәжілісі. Ағылған сөз, таусылмас пікірталас, қаптаған қаулы. Ми айналғандай. Бәрінің басы-қасында Темекен жүреді. Есіліп сөйлейді, көсіліп кеңес құрады. Бетбұрар бағыт, көш түзер бағдар жөні деканнан шығып жатады. Көшелі ой, көсемді пікірін екі тілде еркін жеткізетін де сол кісі. Орысқа оңтайлы жауап тауып, қазағының айызын қандырып, онынан келсең оңына, солына келсең солынан салып, айтысқанын алып та, шалып та жығып жатады. Оқу, әдістеме, тәрбие мәселелері күн тәртібінен бір түскен емес. Бәрінде де жаңалық жаршысы Темекен. Темекеннің жұмысқа деген ынтасы тау қопарардай еді ол заманда. Бәріне қалай үлгеретіні таңғалуға тұрарлық.

Жалпы ұжымға жетекші болуға талаптанған адамға төрт құбылаң іспетті – төрт қасиет қажет. Біріншісі – басшы болар ұжымның кәсіптік бағдарын жете білу. Екіншісі – әріптестеріңнің сенің біліктілігіңді мойындауы. Үшіншісі – ұжымдағы бар істің басында жүрер ұйымдастырушылық қабілетің. Төртіншісі – жоғарыдағылардың алдында жорғаламайтын, ұжымды қорғайтындай мінезді беделіңнің болуы. Міне, сонда ғана ел сенімін арқалаған билік сенің қолыңа қонады. Әйтпесе, серігің – жоғарыдағының сүйеуіне сенген бос әурешілік. Темекен бойынан осының төртеуі де табылатын. Солардың арқасында ол кісі ұзақ жылдар бойы ұжымын уақыт түсінігі тұрғысынан алғанда алға сүйрей білді. Темекен тұсында журналистика факультеті ҚазМУ-да алдыңғылардың қатарында саналды. Бұл – желеп-жебеуден, қолдан жасалған дүние емес. Темекеннің қажырлы қайраты, бұлжымас талабы, темірдей тәртібі, турашыл билігі арқасында қол жеткен жеңіс. Ол – талай ұйқысыз өткен түндердің, мазасыз күндердің нәтижесі.

Былайғы өмірде жаны жайсаң, мінезі жайдары болғанымен, Темекен қызмет барысында өте қатал басшы еді. Кім болса да, кемшілігін мәймөңкелемей тура бетіне айтатын. Өр мінезі – өткірлігін танытып, ол өршіл рухқа ұласып жататын. Сондықтан, берекесіздіктен, жауапсыздықтан жіберілген қатені еш кешірмейтін. Өзі жауапкершілікті қалай сезінсе, өзгеден де соны талап ететін. Факультеттегі бар іске өзі тікелей басшылық жасап, қалыптасқан тәртіпті қатты қадағалайтын, айтқанын бұлжытпай орындататын. Бірақ осының бәрін әділдікке жүгіндіретін. Әділет – Темекеннің адамгершілігі мен ізгілігінің айнасы. Оның қаталдығының астарында әділдік барын мойындайтындар көңіліне көп кірбің ала бермейтін. Темекен ашуын ақылға бағындыра білетін биік азаматтық парасат иесі еді.

Бірге істеген жылдары Темекеннің асып-сасып, мұрнына су жетпей жүргенін, болмаса әр істің басын бір шалған берекесіздігін көрген емеспін. Немесе барып келсе, қырып келдім деп, бейнебір дүниені төңкеріп тастағандай, ісіп-кеуіп, мақтанып отырғанын да байқамаппын. Әр істі орнымен атқарып, уақытын тиімді пайдаланатын. Бұл кісінің жұмысқа берілгендігі, ерінбейтін еңбекқорлығы – сирек кездесетін құбылыс. Кейін білгеніміздей, Темекеннің бұлжытпай орындауға тырысатын күнделікті жұмыс күнінің кестесі бар екен.

Мен көріп-біліп, куә болған ол кісінің жұмыс күні мынадай еді. Таңертең 09.00-ден қалмай жұмысқа келіп, содан тура 15.00-ге дейін факультетте болатын. Екі сағаттай бүкіл факультеттің күнделікті шаруаларына қатысты мәселелерді шешіп, сонан соң келімді-кетімді кісілерді қабылдайтын. Түскі асқа көп уақыт бөлмейтін. Үштен кейін сырттағы шаруаларына уақыт бөлетін. Бұл оқта-текте ғана бұзылмаса, қалыптасқан жайт.

Темекен жазуға уақыт талғамаушы еді. Аса керек кезде жұмыс үстінде де жазу-сызумен айналыса беретін. Кейде ешкімді кіргізбей, бір-екі сағатта аса тығыз мақаланы жазып тасайтын.

Деканның факультетте жүргенде бір сәт есінен шығармайтын төрт басты мәселесі болатын. Олар: оқу барысы, үлгерім, жатақхана, тәртіп. Бұларды ол күнделікті қадағалап, тәптіштеп отыратын. Осы мәселелер бойынша қаһарына ілінгендерге аяушылық білдіре қоймайтын.

Жалпы Қазақстандағы журналистика кадрларын дайындау мәселесінің түбегейлі шешілген тұсы – Темірбек Қожакеев

факультетті басқарған жылдар. Бүкіл оқу жоспарының сапалы да жүйелі өзгеріске ұшырап, кафедралардың мамандыққа сай қайта құрылғаны да осы кез. Темекен тұсында өзі бастап, оқу құралдары мен оқулықтар жазу жедел қолға алынды. Т. Қожакеевтің, Т. Амандосовтың, М. Барманқұловтың, Ә. Ыдырысовтың, М. Арғынбаевтың, С. Қозыбаевтың, М. Дмитриовскийдің, Л. Кукановтың, Ю. Крикуновтың оқу құралдары мен оқулықтары сусап отырған студенттер қолына Т. Қожакеев басшылық жасап отырған уақытта тиді. Сол жылдарда оқытушылардың МГУ-де мамандық жетілдіру шаралары жүйелі түрде жолға қойылды.

Факультеттегі радиостудия, телестудия осы тұста жабдықталып, профессор М. Барманқұловтың басқаруымен сапалы жұмыс істей бастады. Студенттердің журналистік тәжірибеден өтуі әдістемелік тұрғыдан осы «Қожакеевтік» кезеңде жетілдіріліп, нақты тәжірибе алуға жол ашылды. Факультетте сағаттық төлеммен сабақ беруге газет, баспа, радио, телевизияның тәжірибелі журналистері тартылып, оқу мен өндіріс арасында тығыз байланыс орнады. Тәжірибелік сабақтарды өндіріс орындарында (баспа, радио, телевизия) өткізу тәжірибесі қалыптасты. Бұл жаңашыл әдістемелер өз нәтижесін беріп, жас журналистердің қажетті біліктілікті тез меңгеруіне, қажетті техникалық жабдықтарды жылдам игеріп кетуіне орасан зор ықпал етті.

Ресей және өзге ұлт республикаларының журналистика факультеттерімен тәжірибе алмасу шаралары орнықты. Қазақ топтарындағы студенттерді Москва, Ленинград университеттеріне ауыстыру осы жылдары қолға алына бастады. Қазақ топтарындағы озат студенттердің, талантты журналистердің МГУ-де, ЛГУ-де білім алуына мүмкіндік туды. Олардың көбі бүгінгі қоғамдық өмірімізде елеулі еңбектер атқарып жүр. ҚазМУ-дың журналистика факультеті Орта Азия республикалары ішіндегі журналистика кадрларын дайындаудың көшбасшысына айналды. Міне, іскер басшы ретінде декан Темірбек Қожакеев журналистика факультетін осындай биіктерге жетелеген болатын. Оны жоққа шығарғысы келгендердің бүгінде өздері «жоққа» айналды. Аты да, заты да белгісіз. Жымжылас жоқ.

Жоғары оқу орнындағы басшылық қызметінің, нақты алғанда, өзге басшылық қызметтен ерекше бір айырмашылығы бар. Ол – екі типті адамдар тобына басшылық жасау. Бірі – ұстаздар

ұжымы, екіншісі – студенттер қауымы. Екіншісінің жауапкершілігі басымырақ. Темекенді осы екеуі де сыйлады. Дегенмен, студенттер қауымы айрықша жақсы көрді десем, асырып айтқандық емес. Олар Темағанның әділдігіне бас иіп, адамгершілігін құрметтеді. Университет басшылығы алдындағы абыройын мақтан тұтты. Темекеннің бүгінгі тілмен айтқанда, студенттер арасындағы «рейтингі» өте жоғары-тұғын. Бірді-екілі белгісізі болмаса, факультет деканынан жазықсыз жапа шектім деген студентті көрген де, естіген де емеспін. Жазықсыздан-жазықсыз студентке кінә тағу – Қожакеевтің гадетінде жоқ нәрсе.

Факультет басшысы ретінде Темекен әр студенттің отбасылық, әлеуметтік жағдайын үнемі назарда ұстап, қажет кезінде қол ұшын беруге өзі де аянбай, қоғамдық ұйымдарды қосып отыратын. Оның еңбекқорлығы, іскерлік қасиеттеріне орай, есте сақтау қабілеті өте күшті еді. Факультеттегі студенттердің қазақ-орыс демей, аты-жөнін түгелге жуық білетін. Бұған бірнеше мәрте өзіміз де куә болдық.

Ол заманда талап солай, студенттердің сабаққа қатысуы қатты қадағаланатын. Темекеннің басшы ретінде қалыптастырған жүйесі бойынша айына бір рет студенттердің таңертеңгі сабаққа қатысуын тексеру (рейд) жүретін. Күнін декан өзі белгілеп, ауыстырып отыратын. Әрине, біздей жас оқытушылар бастық жасаған тексеру комиссиясы тізімінің бел ортасында жүреміз. Таңертеңгі сағат 8.00-де бізбен бірге Темекен де тексеруге кірісіп кетуші еді. Сонда алдынан өтіп жатқан студенттердің қазақ-орыс демей, көбінің атын атап, түсін түстеп, кейбіріне мін тағып, кейбіріне әзіл айтып, уақыттан тыс жұмыс істеп жүрген біздерді көңілдендіріп, көңілімізді аулап қоятын. Сонша студенттің аты-жөнін қалай жаттап алып жүр деп таңғалушы едік. Таңырқатушы еді. Өзі сабақ беріп жүрген студенттер болса бір сәрі, орыс топтарындағы студенттерді де жазбай танитын.

Темекен ұжымға, ұйымға шын берілген басшы еді. Сол жылдары ол кісі студенттердің ұйымдық жұмыстарына көп көңіл бөліп, оны жетілдіруге бар күшін жұмсады. Студенттік ұйымдардың – студенттік кеңес, комсомол бюросы, студенттік кәсіподақ жұмыстарының жандануына, олардың айрықша ықпалды болуына көп көмегін тигізді. Студенттердің өзіне қатысты мәселені осы ұйымдардың жоғарының араласуынсыз шешіп отыруына жағдай туғызып отырды. Бүгінгі рухани саладағы көп қайраткер – сол Қожакеевтің «қоржынынан» шыққан белсенділер.

Темірбек Қожакеев өз ұжымының қажеттілігі үшін неден болса да тайынбайтын, ұжым жоғын жоқтаған, ұжым арын арлаған адал бастық ретінде танылды. Жоғарыдағы басшылар алдында жығылып-сүрініп, құрақ ұшып, елпендеп жүру ол кісі үшін жат мінез. Жалпы жағымпаздықпен қаны қас адам болатын. Өзіне де, өзгеге де жағымпазданғанды суқаны сүймейтін. Не істесе де адал көңіл, ақ ниетпен істейтін.

Осыған бір мысал келтіре кетейін. 70-80 жылдардағы ректор, академик Өмірбек Жолдасбеков ҚазМУ-дағы беделі өте жоғары, іскер басшы еді. Университеттегі жұмыстың атқарылуын сағаттың жүрісіндей етіп қойған Өмекең көп нәрсені өз қалауынша шешетін. Сондықтан ол кісіге қарсы келу, пікір таластыру қиынның қиыны болатын. Ө. Жолдасбековтің кезінде ұзақ жылдар қолданбалы математика факультетінің деканы болған менің бажам, марқұм Есентай Рахимовтың айтуынша, ректорат мәжілісінде өз факультетіне қатысты маңызды мәселелер талқыға түскен уақытта, Өмекеңмен пікір таластырып, кейде айтысып та қалатын жалғыз декан осы Қожакеев екен. «Өзгеміз бұғып отырғанда, қасқайып қарсы тұрып, әйтеуір Өмекеңді өз факультетінің жағдайына қарай бет бұрғызатын Темекен болушы еді. Батылдығына таңғалып, әділдігіне сүйсінетінбіз» дейтін, Есаған сол күндерді еске алып. Ол Темірбекті жүректі адам деп отырушы еді. Темірбек Қожакеевтің басшы ретіндегі болмысына алып-қосары жоқ шындық осы. Иә, Темекен батыл да, қайсар тұлға еді. Бұл қасиеттерін басына күн туған күндерде де дәлелдей алды.

Қазақ тарихына азаттықтың күрес жылы, азамат тағдырының қаралы жылы болып енген – 1986 жыл талайды сынға салып, сергелдеңге түсірді. Аумалы-төкпелі заман басталды. Темірбек Қожакеевтің басына да қара бұлт осы тұста үйіріледі.

«Өзінің басындағы отты көрмей, өзгенің басындағы шокты көретіндер» қашанда болса табылады. Факультеттегі жұмыс жандана түсіп, ауқымды іс-шаралардың атқарылып жатқаны, оқу процесін жетілдіруге оңтайлы жағдай тууы, студенттер жатақханасының алтын ұяға айналуы кейбір бақталастардың өзегіне өрт түсіріп, «қызғаныштың қызыл итін» үргізе бастады. Әсіресе, мұнда кеудесіне нан пісіп, өзінен басқа ешкім бар деп білмейтін «аға» ұлт өкілдерінің шабалаңдауы қатты болды. Кезінде олардың талай «еркеліктерінің» езуін тілген Қожакеев, алғашында құр көкірек, кеудемсоқ мақтаншақтықтан басқа түгі жоқ, беделінің кете бастауын білім

таяздығынан емес, бастықтың қатаң талабынан, қатал тәртібінен көрген әріптестерінің әлсіз әрекетіне есеп бере қоймағанмен, кейіннен жоғарыға сүйенген олар әл бермей кетті.

1986–1987 жылдары ҚазМУ-дан Қазақ КСР Ғылым академиясының 1 корреспондент-мүшесі, 5 профессор жұмыстан қуылыпты. Солардың ішінен тек Темірбек Қожакеев қана шығармашылық қабілетін сақтап, ғылыми еңбектер жаза алды. Өзгелері үгіліп түсті. Бірі тағдыр соққысын көтере алмай, жүректен дүние салса, қалғандарының көбісінің ҚазМУ-да қызмет істеуге денсаулығы жарамай, ал қайта оралғаны ұстаздықпен де, ғылыми еңбекпен де мандытып айналыса алған жоқ. Белсенділігі жайына қалып, «шықпа жаным, шықпамен» көптің бірі болып күн кешті.

Ал, Темекеннің жөні бөлек еді. Жаулары мен «достары» оның «балтырын» ғана қанатып, жүрегіне сызат түсіре алған жоқ. Ол кісі мына баянсыз жалғанның құбылмалылығын шын ұққан қасқа-қас, досқа-дос болаттай берік жан болатын. Қиын кезеңде өзіне ғана сенді, өзінің білімі мен білігіне сенді. Талмай тартысып, тартынбай айқаса жүріп, қолдың бостығын, бос уақыттың молдығын пайдаланып, ғылыммен беріле айналысты. Жанына жұбанышты содан тапты. Тағдыры тағдырына ұқсас асқақ ағаларының сарғайған қағаздағы «хатына» үңіліп, солармен сырласты. Соларға іштей мұң шағып, жүректегі запыранның уытын басты. Әділет жолының ауырлығын мойындай түсіп, қайрат жинап, жігерін қайрады. Әйтеуір еңсесі түсіп, еңкеймеді.

Темекен баяғы күнделікті жұмыс кестесін сол кезде де бұлжытпай орындайтын. Күнде таңертеңгі 10.00-де Орталық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына келіп, 15.00-ге дейін тапжылмай отырып, ескі газет-журнал, сирек кітаптарды ақтаратын. Кейіннен сол жылдары жинаған бай материалдар негізінде кітап соңынан кітап шығарды. Талай тылсым дүниенің сыры ашылды.

Сол тұста бізге де көмегі тиген-ді. «Қазақ» газеті сандарының өшіп қалған, жыртылып кеткен жерлерін шығара алмай отырғанда, көмегін аямайтын, тез ажыратып жылдам оқитын. Көзі талғанда, «ауа жұтып» жүріп, сырласатынбыз. Менің Темағаңмен көп сырласқан тұсым, жанына жақын жүруім сол күндерден басталды. Алдында қиын кезде қолдауға жарамадың дегендей реніш білдіріп жүрді. Көп жағдайды түсіне келе, кешіріммен қарай бастады.

«Ары тазаның – жаны таза!». Қайтейік, кейде аққа да күйе жұғуы мүмкін, бірақ тазалануы тез. Тағдыр тәлкегіне ұшыраса

да ар-намысын тапталпаған Темекен ақырында ақталды. Әуелі желтоқсанның ызғарында Өмірбек Жолдасбековті, Темірбек Қожакеевті университет партбюросында шырылдап қорғаған жалғыз қазақ, қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті тұлғасы, академик Зейнолла Қабдоловтың шақыруымен қазақ әдебиеті кафедрасына, кейінірек өзінің журналистикасына оралды. Ұстаздың оралуы деп, алақайлап қуандық. Елі ардақтаған азамат тұлғаның басын сергелдеңге түсірген зұлматты жасқанбай көтеріп, қайыспай жүргізген күресі жеңіспен аяқталды. Журфак орналасқан қабат арқа-жарқа қуанышқа кенелді. Әрине, бәрі бірдей емес, дегенмен шәкірттер шаттыққа бөленді.

Өз замандастарының алды болып, дәуірге лайық өнегелі өмір сүрген Темекен бүгінде ортамызда жоқ...

Темағаң «өз мінезіне көз салмаған» жан-тұғын. Құдай жаратқан мінез-құлқын өз бойына жарасымды ұштап, өкінбей ғұмыр кешті. Ол кісі «Еріксіз түскен ылдидан, еркімен шығар өрді артық» көрген азамат болатын, еңкеймей өтті, илікпей кетті.

Талабы қатаң, тәртібі қатал, тәлімі терең, болаттай берік қайран Темірбек аға! Тағылымды ғұмыр кешкен сіздің адами әлеміңіз мың иірімнен тұратын, рухы өзгеше құбылыс еді. Темағаңды мен шын мәніндегі бақытты жан деп білемін. Артында басқан ізін қасиет тұтар ұрпағы бар. Күш-қайратын сарп етіп жазған том-том еңбектерінің сан мың шәкірттер жанына сан ғасыр шырақ жағары сөзсіз. Халқына мәңгілік мұра қалдырған адамда арман болушы ма еді?! Иә, Темірбек Қожакеұлының есімі болашаққа бет алған ұрпақ көшінің алдында ұран болып жүрерінде күмән жоқ.

Сағатбек МЕДЕУБЕК,
*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
журналистика факультетінің деканы*

АЗАМАТ

Үзік ой. *Саналы ғұмырын ұлттың ұл-қызына кәсіби білім беруге; білім беруді ұйымдастыруға және басқаруға; осының бәрін атқара жүріп, ғылыми-теориялық еңбекпен айналысуға; шығармашылық туындылар жазуға, сонымен қоса қоғамдық жұмыстарға белсене*

МАЗМҰНЫ

Бас редактордың кіріспе сөзі	5
Қожакеев Темірбек	7
Қожакеев Темирбек Қожакеевич (<i>Летопись КазНУ</i>)	8
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің декандары.....	9
Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Темірбек Қожакеевтің еңбек жолы мен ғылыми-педагогтік қызметінің қысқаша очеркі	10
Мұрағат құжаттары.....	14

Таңдамалы

Темкең өзі туралы	30
Желтоқсан жылуы.....	32
Ойлан, қазақ, азаматпысың, әлде?.....	35
Тегеурінді публицист.....	39
Екі көзіміз Мұхаңда.....	43
Білім мен балға.....	48
Тараз тарихынан тамшылар.....	50
Түркістан кеше, бүгін.....	95
Тәуелсіздік – тамаша табысымыз.....	97

Қайталанбас нар тұлға

Қабдолов З. Мық шеге.....	128
Бердібай Р. Мұраттастық жолында.....	133
Нұрғали Р. Әдебиеттану әлеміндегі барлаушы.....	137
Нұрпейіс К. Тарихшы Темірбек Қожакеев.....	140
Серғалиев М. Сара сөздің сардары.....	144
Нәрібаев К. Қажымаған қайрат, мойымаған мінез.....	151
Ыдырысов Ә. Қайран Темкем!.....	167
Қалмырзаев Ә. Темкеңді толық танып болдық па?.....	174
Құл-Мұхаммед М. Дарабоз декан.....	181
Әшімхан Д. Темірбек көп, Қожакеев біреу.....	192

Тәшімбай Ғ. Темірдей тәртіп орнатқан Темірбек!.....	196
Ергөбек Қ. Шымыр жаңғақ.....	208
Тоқашбаев М. Адамның сырттанындай Темкең еді.....	222
Әбіл Қ. «Қаталдықты қатыгездікпен шатастырып ала көрмендер...»	224
Кенжалин Ж. Тегеурінді тағдыр	228
Әбдіманұлы Ө. Тағылымы терең тәлімгер.....	230
Медәубек С. Азамат	249
Тұрысбек Р. Т. Қожакеев және алаш мұрасы	266
Жүсіп Н. Темірбек Қожакеев тәлімі	284
Әлімбеков Т. Ол басқаша сөйлей алмады.....	292
Омарұлы Б. Қожакеев құбылысы	300
Жақып Б. Қайталанбас нар тұлға.....	311
Ахметова Л.С. Темирбек Қожакеев – декан и руководитель	317
Әшірбекова Г. Ұлттық көсемсөзді зерттеудегі Т. Қожакеев ұстанымы және қазіргі жанрлар үдерісі.....	323
Сұлтанбаева Г. Ұстаз	328
Т. Қожакеевтің негізгі еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	332
Филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Қожакеевтің ғылыми жетекшілігімен қорғалған диссертациялар	339
Профессор Т.Қ. Қожакеевтің өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері	340

Темірбек Қожакеев

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

90-шығарылым

ИБ №10210

Басуға 08.12.2016 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.
Көлемі 23,375 б.т. Тапсырыс №5542. Таралымы 500 дана.

Сандық басылыс. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды